


егемен
Қазақстан

ЖОЛДАСБЕКОВ Мырзатай,
филология ғылымдарының докторы, профессор.

Халық қазынасы



Қай заманда да, қай қоғамда да ел басқарған тұлғаның кемел ақылының орны бөлекше. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болып әу бастан дұрыс қалыптасуы көш бастаған ердің ерен ойына байланысты еді. Жер жаһанның алтыдан бір бөлігін алып жатқан Кеңес одағы күйреп түсіп, аяқ астынан ыдырап кеткенде, сол қираған елдің жұртында қалған сынықтардан жамапжасқап мемлекет құрастыруға тура келгенде Қазақстан халқы Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың асқан ақылының арқасында тар жол, тайғақ кешуден аман-есен өткен болатын. Қолымызға жаңа тиіп отырған «Жылдар мен ойлар» атты кітаптан біз Елбасының сол тұстағы ордалы ойларын да, тәуелсіз мемлекет құрудың жауапты белестерінің мән-мағынасын ашып көрсететін кейінгі кезеңдегі терең толғаныстарын да табамыз. Жинаққа Президенттің әр жылдарда сөйлеген сөздерінен, жасаған баяндамаларынан, берген сұхбаттарынан іріктеліп алынған үкілі үзінділер, тұжырымды ойлар енгізілген екен. Бұл өте орынды. Неге десеңіз, біздің қазақ қанатты сөзді бөлекше қадірлейді.

Бір бойына Шығыс пен Батыстың даналығын қатар тоғыстырған Нұрсұлтан Назарбаевтың бастаса топтың көсемі, сөйлесе сөздің шешені екеніне талай рет көз жеткізген адаммын. Тәуелсіздіктің таңсәрі шағындағы алғашқы сөздерінен, баяндамаларынан бастап сол көсемдігі, сол шешендігі тіпті кемеліне келе түсті. «Салтанаты жарасқан қаласы бар, байтағы ұшан-теңіз даласы бар, аруақ қолдаған бабасы бар ел екенімізді мақтан етейік!» деп бастап, «Елі мұратқа жетпей тұрып, ері мұратқа жетуші ме еді?» деп ой тастап, «Жерден өтер байлық жоқ: жер болса – ел болады, ел болса – ер болады» деп сенімді нығайтып, «Алдымызда асу-асу белдер бар, ұлт жолында ұйтқи

соғар желдер бар. Бел де талар, жел де беттен қағар. Бәріне көну керек, бәріне төзу керек», деп сабырға шақырып, көп ой салды халқымызға Елбасымыз.

Біздің қазақ бейнелі сөзді, әуезді сөзді жақсы көреді, бағалайды. «Бақ та, тақ та таласқанға бұйырмайды, халықтық істе жарасқанға бұйырады», «Бақыт бағасын білгеннің ғана басында тұрады», «Адам еркін болмайынша – қоғам еркін болмайды. Қоғам еркін болмайынша – ой еркін болмайды. Ойың еркін болмайынша – ісің алға баспайды», «Ұмтылсаң – ұтарсың», «Дарынды ұрпақ – қарымды ұрпақ», «Ең бастысы – той тойлау емес, ең бастысы – ой ойлау» деген сияқты сөйлемдердің қай-қайсысы да оны айтушының ой мен сөздің жарасымды жымдасуына қол жеткізетінін көрсетіп тұр.

Кітаптың негізгі құрастырушысы – Махмұт Қасымбеков көп жылдардан бері Елбасының Кеңесін басқара жүріп, көп жайға қаныққан, көп тағылым алған азамат. Нұрсұлтан Назарбаевтың талай томдық еңбектерін көз майын тауыса сүзіп шығып, Президенттің жазған-сызғандарын кітап етіп шығаруға бар білімі мен білігін жұмсаған, Елбасы қызметінің шежіресін жазып шығу арқылы еліне ерен еңбек еткен азаматтың бұл жұмысы лайықты бағалануға тиіс. Мысалы, табиғатынан ақынжанды Елбасымыздың әр жылдарда, анда-санда жазып тастаған өлеңдеріне дейін шашау шығармай жинап жүргені, солардың талай шумақтарын осы кітапқа енгізгені жай ғана ұқыптылық емес, мұның өзі өнеге тұтар өрелілік.

«Алматыкітап» жақсы жинақ шығарыпты. Президенттің терең ойлары тұжырымдалған бұл кітап – халық қазынасы.